



Қажеттілік — мотив - мақсат - құрал - әрекет - нәтиже.
Әрекеттің ішкі құрылымына енетін бұл компоненттер былайша сипатталады.

Қажеттілік - индивидтің өзінің өмір сүруге, дамуға білімінің, тәжірибесінің, басқа да өлсумепік жағдайлардың жеткіліксіз екенін сезінуі. Белсенді әрекеттің негізі.

Мотив - ынта-ықыластың аууы.

Құрал — әрекеттің амалдарын белгілеу, жолдарын тандау.

Әрекет - іс-қимыл, құрал. Ол ойын, тілдік, ойлау әрекеттері түрінде жүзсге асады.

Нәтиже - өнім.

Оқу әрекеті арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, теориялық сана, теориялық ойлау қалыптасады.

Оқушының дамуының нсігізі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек.


Педагогикалық процесс-тәлім-тәрбиелік қарым-қатынастарды ұйымдастырудың тәсілі. Педагогикалық процесті ұйымдастыратын педагог.

Педагогикалық процесс- бірнеше элементтен құрылатын жүйе.

Педагогикалық процестің үш құрылымы болады:

- ❖ педагогикалық,
- ❖ әдістемелік,
- ❖ психологиялық.






Оқыту процесі тек мұғалім мен оқушылар арасындағы оқу әрекетінен құралмайды, сонымен бірге оқытудың басқа да элементтері бар. Олар мыналар:

Оқытудың мақсаттылығы. Мұнда мұғалімнің оқылатын тақырыптың мақсат-міндеттерін айқын қарастыруы көзделеді.

Оқытудың мазмұны. Жас ұрпақты ғылымның жетістіктерін меңгеруді, білімдерін дамытуды міндеттейді.

Оқыту формалары мен тәсілдері. Оқыту мазмұнын қандай амал- тәсілдермен, нақтылы практикалық жолдармен меңгеруді баяндайды.

Оқыту нәтижесін талдау және бағалау. Мұғалімнің және оқушының оқу әрекетінің құрылымын бірлесе отыра сараптама жұмыстарын жүргізуі, оқушылардың оқу әрекетінің сапасына көзқарасын білдіріп, бағалап және білім деңгейін тексеріп отыруы. Оқушылардың өзін-өзі қадағалап, тексеріп отыруы.



Түрткі-әрекеттің себебін, оны
неге жасау керектігін анықтайды.

Мақсат-әрекеттің нәтижесі
қандай болуға тиісті екенін
анықтайды.

Баланың оқудағы негізгі
түрткісінің бірі **-қызығу** .